

## Қаратал ауданында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының 2016 жылғы 01 сәуірдегі № 2-11 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2016 жылы 06 мамырда № 3818 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 72-260 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының 29.06.2020 № 72-260 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" 1995 жылғы 17 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес, Қаратал аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қаратал ауданында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібі қосымша р е т т е л с і н .

2. "Қаратал ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушысына (келісім бойынша Сырлыбаев М.Т.) осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және аудандық мәслихаттың интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, көлік және байланыс, тұрмыстық қызмет көрсету, сауда, қоғамдық тамақтану, халыққа әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету, заңдылық, құқықтық тәртіп, азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қаратал аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
Қаратал аудандық мәслихат  
хатшысы

Б. Құмаров

Б. Смаилов

## **Қаратал ауданында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібі (бұдан әрі - тәртіп) "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" 1995 жылғы 17 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және Қаратал ауданында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттейді.

2. Заңдарда жиналыстар, митингілер, шерулер және демонстрациялар деп аталатын қоғамдық, топтық және жеке мүдделер мен қарсылық білдірудің нысандары ретінде, сонымен қатар қоғамдық орындарда аштық жариялауды, киіз үйлер, шатырлар, өзге де құрылыстар тұрғызуды және пикет қоюды түсіну керек.

### **2. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу тәртібі**

3. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы Қаратал ауданының әкімдігіне өтініш беріледі.

Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы өтініштерді еңбек ұжымдарының, қоғамдық бірлестіктердің немесе Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген топтарының он сегіз жасқа толған уәкілдері береді.

4. Жиналыс, митинг, шеру, пикет немесе демонстрация өткізу туралы өтініш оны өткізудің белгіленген датасынан кемінде он күн бұрын жазбаша нысанда беріледі.

Өтініште шараны өткізу мақсаты, нысаны, өткізілетін жері немесе қозғалыс маршруттары, оның басталатын және аяқталатын уақыты, қатысушылардың ықтимал саны, уәкілдердің (ұйымдастырушылардың) және қоғамдық тәртіптің сақталуына жауапты адамдардың тегі, аты, әкесінің аты, олардың тұратын және жұмыс істейтін (оқитын) жері, өтініштің берілген датасы көрсетіледі. Өтініштің берілген мерзімі оның Қаратал ауданының әкімдігінде тіркелген күнінен бастап есептеледі.

5. Қаратал ауданының әкімдігі өтінішті қарайды және өтініште көрсетілген

шараның өткізілетін уақытынан кемінде бес күн бұрын уәкілдерге ( ұйымдастырушыларға) қабылданған шешім туралы хабарлайды.

6. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу туралы өтініш беру кезінде осы тәртіптің 4-тармағының талаптарын орындамау ( сөз - процедуралық талаптар туралы) жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізуден бас тарту үшін және бас тарту мазмұнында жауап қайтаруға негіз бола алмайды.

Мұндай жағдайларда Қаратал ауданының әкімдігімен жол берілген кемшіліктерді жаңа өтініш беру жолымен жоюды ұсына отырып, түсіндіру мазмұнындағы ресми жауап беріледі. Жаңа өтінішті қарау мерзімдері оның келіп түскен күнінен бастап есептеледі.

7. Белгіленген тәртіппен берілген жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу туралы барлық өтініштерді қарау шеңберінде Қаратал ауданының әкімдігімен ұйымдастырушыларға талқылау және көтерілетін мәселелерді қарау үшін баламалы алаңшалар, шараны өткізетін басқа уақыт пен орын ұсынылуы мүмкін.

8. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізуге рұқсат беруден Қаратал ауданының әкімдігі бас тартқанда немесе оны тыйым салу туралы шешім қабылданған жағдайларда, ұйымдастырушылар барлық дайындық шараларын тоқтату жөніндегі шараларды дереу қабылдауға және әлеуетті қатысушыларды бұл туралы тиісті хабарлауға міндетті.

Шешімге қолданыстағы заңнамамен белгілеген тәртіппен шағым жасауға  
б о л а д ы .

Ұйымдастырушылар өз еркімен дайындық шараларын тоқтату бойынша шаралар қабылдамаған жағдайда, (ұйымдастырушылық іс-әрекеттерінің жалғасқан жағдайларды қоса алғанда) Қаратал ауданының әкімдігі қалыптасқан жағдайларды және әлеуетті тәуекелдерді негізге алып, өзінің ресми интернет-сайтында, сондай-ақ мүмкіндігінше ұйымдастырушылармен заңсыз жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрацияларға шақырулар орналастырылған немесе орналастырып жатқан барлық ресурстарда рұқсатсыз акцияға қатысқаны үшін жауапкершілік туралы ескертумен жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізуге рұқсат беруден бас тарту туралы ақпаратты орналастыруға міндетті.

9. Жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар, сондай-ақ оларға қатысушылардың сөз сөйлеуі өтініште көрсетілген мақсатқа сәйкес, белгіленген мерзімде және келісілген жерде өткізіледі.

10. Жиналыстарды, митингілерде, шерулерді, пикеттерді, демонстрацияларды өткізу кезінде уәкілдер (ұйымдастырушылар), сондай-ақ басқа да қатысушылар қоғамдық тәртіпті сақтауға міндетті.

11. Шараларды ұйымдастырушылар мен оларға қатысушылардың:

1) көліктің және жаяу жүргіншілердің қозғалысына бөгет жасауына;

2) елді мекеннің инфрақұрылым объектілерінің үздіксіз жұмыс істеуіне

кедергі келтіруіне;

3) Қаратал ауданының әкімдігінің рұқсатынсыз киіз үйлер, шатырлар, өзге де уақытша құрылыстар тұрғызуына;

4) жасыл желектерге, шағын сәулет нысандарына залал келтіруіне;

5) өзімен бірге суық қаруды, атыс және өзге де қаруды, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қарсы азаматтарға, және заңды тұлғалардың меншігіне материалдық залал келтіру үшін пайдаланылуы мүмкін арнайы жасалған немесе бейімделген заттарды алып жүруіне;

6) жиналыстар, митингілер, шерулер, пикетер мен демонстрацияларға алкогольдік немесе есірткілік масаң күйдегі тұлғалардың қатысуына;

7) алкоголь өнімін, металл, шыны ыдыстағы өнімді, пиротехникалық бұйымдарды және пайдаланылуы адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіруі не жеке немесе заңды тұлғаларға материалдық зиян келтіруі мүмкін өзге де заттарды алып жүруге;

8) транспаранттар, ұрандар және басқа да материалдарды (визуалды, аудио/видео) дайындауға және қолдануға, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті бұзуға, қылмыс жасауға немесе әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған, сондай-ақ жеке немесе заңды тұлғалардың құқықтарын кемсіту мазмұнындағы шақырумен көпшіліктің алдында сөз сөйлеуге;

9) жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өтетін орындарда алкогольдік ішімдік ішуге, есірткі, психотроптық заттарды, олардың тәріздестері мен прекурсорларды қолдануға;

10) шараны өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуші мемлекеттік органдар өкілдерінің қызметіне кез келген нысанда араласуына тыйым салынады.

Уәкілдер (ұйымдастырушылар) көзделген нормаларды бұзған жағдайда заңда белгіленген тәртіп бойынша жауап береді.

12. Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, сондай-ақ азаматтар Заңмен белгіленген тәртіпті сақтап өткізілетін жиналыстарға, митингілерге, шерулерге, пикеттерге және демонстрацияларға кедергі жасауға құқылы емес.

13. Егер жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды немесе демонстрацияны өткізудің мақсаты нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік араздықты, діни төзімсіздікті, тектік астамшылықты қоздыру, республиканың конституциялық құрылысын күш қолданып құлату, аумақтық тұтастығына қол сұғу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдары мен өзге де нормативтік актілерінің басқа қағидаларын бұзу болса, немесе оларды өткізу қоғамдық тәртіп пен

азаматтардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін болса, Қаратал ауданының әкімдігі бұларды өткізуге тыйым салады.

Бұқаралық шараларды темір жол, су және әуе көлігінің объектілерінде, сондай-ақ мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдардың (қалалық қоғамдық көлік, сумен, электр қуатымен, жылумен және басқа энергия көздерімен жабдықтау) жанында, денсаулық сақтау мен білім беру мекемелерінің жанында өткізуге жол берілмейді.

14. Қаратал ауданында жиналыстар, митингілер мен пикеттер өткізу үшін келесі орындар айқындалсын:

- 1) Үштөбе қаласы, Қонаев даңғылы, Орталық алаң;
- 2) Үштөбе қаласы, Жолбарыс батыр көшесі № 62 "А", "Жастар" стадионы.

15. Қаратал ауданында шерулер мен демонстрациялар өткізу орны болып келесі маршруттар айқындалсын:

1) Үштөбе қаласы, Қонаев даңғылы, Пронин көшесінен Абылайхан көшесіне дейін.

2) Үштөбе қаласы, Жолбарыс батыр көшесі, Кузнецов көшесінен Мұсабаев көшесіне дейін.

16. Егер: өтініш берілмеген болса, тыйым салу туралы шешім шығарылса, өткізу кезінде Заңның 4, 5 және 7-баптарында көзделген тәртіп бұзылған жағдайда, сондай-ақ азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнетін, қоғамдық тәртіп бұзылатын жағдайда жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар Қаратал ауданының әкімдігі өкілінің талап етуі бойынша сөзсіз тоқтатылуға тиіс.

Қаратал ауданының әкімдігі өкілінің талабын орындаудан бас тартылған жағдайда оның нұсқауы бойынша ішкі істер органдары жиналысты, митингіні, шеруді, пикет қоюды және демонстрацияны тоқтату жөнінде қажетті шаралар қолданады.

### **3. Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді мен демонстрацияларды өткізу тәртібін бұзғаны үшін жауапкершілік**

17. Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды ұйымдастыру мен өткізудің белгіленген тәртібін бұзған адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

Жиналыстарды, митингілерді, шерулерді, пикеттерді және демонстрацияларды өткізу кезінде оларға қатысушылардың азаматтарға, қоғамдық бірлестіктерге, мемлекетке келтірген материалдық залалы үшін заңдарда белгіленген тәртіп бойынша өтем жасалуға тиіс.

Жиналыс, митинг, шеру, пикет, демонстрация өткізілетін жерде қоғамдық тәртіпті сақтау, үй-жайлар беру, санитарлық тазарту, жарық беру және радиоландыру жөніндегі туындаған барлық қосымша шығындарды оларды ұйымдастырушылар өтейді.

18. Жиналыстар мен митингілерді ұйымдастырудың және өткізудің Заңмен белгіленген тәртібі еңбек ұжымдарының және қоғамдық бірлестіктердің заңдарға, өздерінің жарғылары мен ережелеріне сәйкес жабық үй-жайларда өткізілетін жиналыстарына қолданылмайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК